

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен _____ <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыру орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсынысын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптармен Жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;

2) Жұмыстар - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген. заттық мәні жоқ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жұмысқа жататын басқа да іс-әрекеттер.

1.4. Жұмыстарды Жеткізуші меншікті материалдары мен құрал-жабдықтарын, өз күші мен

құралдарын қолдана отырып орындайды.

1.5. Жұмыс құны және қосымша ақпараттар Шартқа 1, 2-Қосымшаларында (бұдан әрі -1-Қосымша, 2-Қосымша) көрсетілген және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

1.6. Жұмыстарды орындау орны - Астана қ. Бейбітшілік көшесі, 21.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

- Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші Жеткізушіден белгіленген тәртіпте ресімделген электронды шот-фактураны алған күннен бастап және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған көрсетілген Қызметтер Актісі (бұдан әрі - Акт) негізінде 10 (он) операциялық күн ішінде тиісінше көрсетілген Қызмет фактісі бойынша Жеткізушінің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады.

- Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактура және Актіні берген жағдайда жүргізіледі.

- Тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактура және Актіні берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактурала және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық

шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге міндеттенеді.
- 4) Жеткізуші қызметкерлерін кіру рұқсаты мен ішкінысандық режимдері бар мекемелер үшін орнатылған талаптарды сақтау қажеттілігі туралы нұсқаулықтан өткізуге
- 5) Шарт талаптарына сәйкес Объектіге Жеткізуші қызметкерлеріне кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;

- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпаратты сұратуға;
- 4) орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға **құқылы**.
- 8) Жеткізушіден Қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидасын сақтауын және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауын талап етуге;
- 9) Жұмыстарды орындау барысында сапасын және техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келуін тексеруге (Шарттың №2 Қосымшасы) құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акті негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде, ал кепілдік мерзімі кезеңінде - Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

- 8) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және ішінара басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді** .
- 10) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;
- 11) Жұмыстарды орындау кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидаларының басқа да талаптарына жауап беретін өз Құрал-жабдығын, құрал-саймандары мен жаңа материалдарын пайдалануға;
- 12) кепілгердің (Жеткізушінің) міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы қос Тараптың уәкілетті тұлғалары соңғы Актіге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде орындалған жұмыстардың сапасына кепілдік беруге;
- 13) Шарт бойынша Жұмыстарды орындау уақытында Жеткізушінің кінәсінен нұқсан келтіру немесе бұзушылықтарға жол беру нәтижесінде Тапсырыс берушіде үшінші тұлғалармен туындайтын даулы мәселелерді (талап қоюлар, наразылықтар) Тапсырыс берушіні тартпай өздігінен шешуге;
- 14) объектілерге кіру рұқсатымен қамтамасыз ету және рұқсаттаманы ресімдеу мақсатында қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қызметкерлердің жеке деректерін көрсете отырып, олардың тізімін ұсынуға;
- 15) Тапсырыс беруші Объектіде белгілеген кіру рұқсаты және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға;
- 16) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты, оның ішінде ақауларды жою бойынша шығыстарды өздігінен көтеруге.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.
- 4) Жұмыстарды орындаудың болжамды аяқталу күніне дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге жазбаша хабарлап, оның келісімімен Жұмысты мерзімінен бұрын орындауға және Акт бойынша Тапсырыс берушіге өткізуге;
- 5) Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен және олар Шарттың 7-тарауына сәйкес конфиденциалды талаптарды сақтап отырып қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

- 4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Шарт жасау күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнді құрайды.
- 4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21.

4.3. Жұмысты толық көлемде орындау күні Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күні болып табылады;

4.4. Орындалған Жұмыстар бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұл туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Барлық келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптар Актіге қол қояды.

5 . КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші дереу Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Тараптар Актілерге қол қойған күннен бастап 12 (он екі) ай құрайды.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - кідіртудің әрбір күнтізбелік күні үшін мөлшерінде өсімпұл (Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК - ке дейін-кемінде 1 %, Шарттың жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болғанда-кемінде 0,5%), оның ішінде жұмыстарды орындау күні, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайды;
2) Орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде-ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайды.

6.3. Орындалған Жұмыстардан ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-тапсыру процесінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;
- кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20% (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша

орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелерге сәйкес Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлеген соманы қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда құпия ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден тапсырыс берушіден алынған құпия ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төленуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 20 % (жиырма пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.7. Шарттың 3.3. тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізуші Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекеті ақпаратты ұсынады.

6.8. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.9. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз

пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының соттарында қаралатын болады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 4) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 5) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 6) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кезкелген кезеңде біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок работ <наименование работ> (далее - Работы) способом запроса ценовых предложений и принял ценовое предложение Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

